

сертификат

**«Музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын
мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту».**

Дайындаған: Г.Тажимбетова

2023ж

Баланың рухани дамуына музыканың тигізетін әсері өте зор. Өнер баланың әлемді тануына, батылдық сезімдері мен адамгершілік қасиеттерін қалыптасуына жан-жақты жетілуіне көмектеседі. Бала дүниеге келген күннен бастап ана әлдиін естіп, отбасы тәрбиесін бойына сіңіріп өседі. Музыка - адамның өмірлік серігі.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойныны кірір денең» деп Абай атамыз айтқандай музыка адам өмірінің әр кезеңін, бастан кешкен күйлерін бейнелейді. Жалпы баланың музыкаға деген қызығушылығы жеке басының дамуына көмектеседі.

Баланың музыкалық даму процесі музыкалық қызметтерді ұйымдастыру барысында жүзеге асырылады. Кішкентай кезінен бастап музыкалық қызығушылықтарын дамыту – тәрбиешінің міндеті.

1-2 жаста бала ересек адамның әнін тыңдай отырып дауыс интонациясына үйлейді, гүлдейді.

2-3 жаста бала қарама-қарсы сипаттағы әндерге шаттанып, қуанады немесе сабырлы күй танытады. Алақандарын шапалақтап, аяқтарын топылдатады, кейде әннің соңғы буындарын қайталап айтады. «ай, ой, да» деген сияқты.

3-4 жаста балалар шағын әндерді ересектердің көмегімен орындай алады. Билеуге, ойнауға ұмтылады.

5 жаста баланың көп білуге құштар кезеңі. Бала жетекшінің қойған талаптарын орындай алады. Әннің көңілді, қуанышты, сабырлы, екенін сезіне отырып, қол ұстасып ән айтуды, би қимылдарын орындай алады.

Музыкалық тәрбие берудің басты мақсаты- музыка өнері арқылы баланың өмірге деген көзқарасын, Отанына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін, өз халқының өнерін, салт-дәстүрін жоғары бағалай білетін парасатты азамат тәрбиелеу.

Музыкалық тәрбие берудің негізгі міндеттері- музыка өнері арқылы баланың жеке басын, музыкаға деген ынтасын, қабілетін эстетикалық көзқарасын қалыптастыру.

Эстетикалық тәрбие дегеніміз- қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын баланың көру және сұлулыққа талпыну қабілетін дамыту мақсатымен оның жеке басына ықпал етуге бағытталған, жүйелі үрдіс. Тәрбиеші баланы сұлулықты қабылдауға, оған эмоциялық ықпал білдіруге, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға жасау керек.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты- баланың бойына эстетикалық құндылықты сіңіру, оған деген қызығушылығын эстетикалық талғамын дамыту. Балалардың эстетикалық сезімдері олардың күнделікті өмірінде зор рөл атқарады. Біз әр баланың адамгершілік, тұлғалық келбетін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп дамытуымыз керек.

Музыкалық тәрбиенің бағыттары:

1. Эстетикалық
2. Этикалық
3. Адамгершілік

Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы- өнер. Балаларды эстетикалық белсенділікке тәрбиелей отырып, оларды ілтипатты оқырман, сезімтал тыңдаушы, қайырымды көрермен болуға баулу керек.

Біздің басты міндетіміз- мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу, кішкентай кезінен адемілікті, көркемдікті бойына сіңіріп, музыка арқылы сүйіспеншілікке яғни елін, жерін, сүйетіндей тұлға тәрбиелеу.

